

**«ҚАЗАЛЫ АГРАРЛЫ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ»
ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН (ІІІ тоқсан) ЖИНАЛЫС**

ХАТТАМАСЫ

Қазалы қаласы
ҚАТК

«17» қыркүйек 2024 жыл

Қатысуға тиісті – 97
Қатысқаны - 97
Қатыспағаны - 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі және сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша колледж директоры А.Мусаев хабарлама жасап, жемқорлық – қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық өте қауіпті, жұмыс жүргізу жүйесін бұзады, қай салада болмасын ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік беретінін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заң қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылып жатқандығын айта келіп қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды, қаржылық бақылауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді, мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді, кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды».

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында біз тек «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды ғана емес, мемлекеттік қызмет барысында қолданылатын барлық заңдарды талқылап жүруіміз керек. Көп құқық бұзушылық тудыратын «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарын жете білуіміз және «Ар – намыс кодексі» талаптарын сақтай отырып жұмыс жасауымыз керек.

Сондай - ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме берді.

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Г.Жаңылова «Жемқорлықсыз жол - сенімді жол» тақырыбында баяндама жасап, сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерін таныстырып өтті.

ПІКІР БІЛДІРУШІЛЕР:

«Sanaly igrak» клубының жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Р.Искакова сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, профилактикалық

жұмыстарын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, колледж педагогтары мен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Жиналыс соңында колледж директоры А. Мусаев колледж қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын жағдайлардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеуді қатаң тапсырды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл шараларының жүйесін, мақсаттары мен міндеттерін әрбір педагог пен жауапты тұлға назарға алсын;
3. Колледж қызметкерлері мен білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы іс – шараларды жүйелі жүргізу комплаенс – офицер Г.Жаңыловаға міндеттелінсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Жиналыс төрағасы А.Мусаев
Жиналыс хатшысы Г.Жаңылова

